



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

НҰҚАУЛЫҚ




**БЕКІТЕМІН**







«Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» КеАҚ  
Басқарма Төрағасы-Ректор  
С.Н. Идрисов  
« 21 » 01 2021ж.


**КРИМИНАЛИСТІК ЗЕРТХАНАДА, ФОТОЗЕРТХАНАДА ЖӘНЕ  
ҚЫЛМЫС ОРНЫ ПОЛИГОНЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАУШЫЛАР ҮШІН  
ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША НҰҚАУЛЫҚ**

СМЖ № 139

Атырау 2021ж.


 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Криминалистік зертханада, фотозертханада және қылмыс орны полигонында жұмыс жасаушылар үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	2 - бет, 9 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
<b>Жасақтаған</b>	Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы	Г.С.Жайлаубаева		20.01.21
<b>Келісілді</b>	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		20.01.21
	«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті филиалының төрағасы	А.Қ.Ахмет		20.01.21
	Пайдалану және техникалық қызмет көрсету басқармасының жетекшісі	Т.Т.Аманов		20.01.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Криминалистік зертханада, фотозертханада және қылмыс орны полигонында жұмыс жасаушылар үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	3 - бет, 9 беттен тұрады

### Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4	4
2	Қысқартулар	4	4
3	Нормативтік сілтемелер	4	4
4	Қауіпсіздіктің жалпы талаптары	4	4
5	Таныстыру парағы	9	10
6	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	10	11

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК	Басылым: үшінші
	Криминалистік зертханада, фотозертханада және қылмыс орны полигонында жұмыс жасаушылар үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	4 - бет, 9 беттен тұрады

## 1 Жалпы ережелер

- 1.1 Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы нұсқаулықтың мақсаты – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қызметкерлері үшін қауіпсіз жағдай жасау болып табылады. Университет нысандарында техника қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік
- 1.2 - құрылымдық бөлімшенің басшысына;  
- төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі. Оқу үдерісі кезінде университеттегі техника қауіпсіздігі талаптарының сақталауын қадағалау:
- 1.3 - құрылымдық бөлімшенің басшысына;  
- төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі инженеріне жүктеледі. Осы нұсқаулықтың талаптарының орындалуы университетте үнемі немесе уақытша жұмыс жасайтын барлық қызметкерлер, студенттер үшін, университет аумағында өз қызметтерін жүзеге асыратын немесе басқа да себептермен барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады. Профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, студенттер осы
- 1.5 Нұсқаулықпен таныстырылуы тиісті.


## 2 Қысқартулар

Осы Нұсқаулықта төмендегідей қысқартулар қолданылады:

- АУ- Атырау университеті
- СМК– сапа менеджменті кеңсесі
- АМЖП – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
- ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
- ҚББ – құрылымдық бөлім басшысы
- ТҚ – техника қауіпсіздігі
- ЕҚ – еңбек қауіпсіздігі
- ТЖ – Төтенше жағдай

## 3 Нормативтік құжаттар

- 3.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 ж. 30 қарашада №927 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын дайындау, бекіту және қайта қарау Ережелері».
- 3.4 АУ Жарғысы.
- 3.5 Университеттің ішкі еңбек тәртібі Ережесі.
- 3.6 ИСО 9001:2015 ХС халықаралық стандарты.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Криминалистік зертханада, фотозертханада және қылмыс орны полигонында жұмыс жасаушылар үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	5 - бет. 9 беттен тұрады

4

#### **Қауіпсіздіктің жалпы талаптары:**

Криминалистік ғылыми-зерттеу зертханасы Атырау мемлекеттік университетінің кафедрааралық инновациялық ғылыми-зерттеу, білім беретін бөлімшесі болып табылады. Сонымен қатар, ол 5B030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша студенттердің алған білімдерін бекіту және іздерді құжаттарды, қылмыс құралдарын, қаруды, оқ-дәріні, жарғыш құралдарды, жарылғыш заттарды және оларды қолдану іздерін және т.б. криминалистік зерттеумен байланысты, кәсіби дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыратын білім беру үдерісін жүзеге асыру үшін оқу-материалдық база болып табылады.

Криминалистік ғылыми-зерттеу зертханасы, фотозертхана және қылмыс орны полигоны «Қылмыстық-құқықтық тәртіп және криминалистика» және «Азаматтық-құқықтық тәртіп» кафедраларының құрылымына кіреді.

Өз жұмысы барысында Криминалистік зертхана ҚР заңдарын, ҚР Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, ҚР Үкіметінің Қаулылары мен өкімдерін, ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрықтары мен өкімдерін, АУ Жарғысын, АУ Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрықтар мен өкімдерін басшылыққа алады.

Криминалистік зертхананың негізгі мақсаты – теориялық және практикалық оқытудың тиімділігін арттыру, қылмыстық-құқықтық цикл пәндерінің сабақтарын өткізу үшін жағдайлар жасау, ғылыми-зерттеу жұмыстары шеңберінде ғылыми зерттеулер жасау (студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтитын бөлімі бар) және келісім-шарттар негізіндегі зерттеулер (сараптамалар).

Сабақтар мен зерттеулердің тиісті деңгейде өткізілуін қамтамасыз ету керек. Криминалистикалық зертхана базасында «Криминалистика», «Қылмыстық процесс», «Криминология», «Заң психологиясы» пәндері бойынша; сонымен қатар, «Оқиға орнының материалдық жағдайын криминалдық зерттеу», «Құжаттарды криминалистік зерттеу мәселелері» жұмыс бағдарламаларымен қарастырылған оқу сабақтарын (зертханалық жұмыстарды) өткізу.

Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарымен анықталған және арнайы (эксперттік) зерттеулердің келісім-шарттары, оның ішінде, ақысыз түрде, ғылыми-зерттеу жұмыстарды атқару (студенттердің ғылыми-зерттеу бөлімін қамтитын).


Теориялық білімдерін пысықтау және студенттерге адамның іздерін, ататын және суық қаруды, жазу мен құжаттарды, материалдарды, заттар және олардан жасалған бұйымдарды зерттеу және тану жөнінде практикалық дағдыларын және біліктіліктерін бекіту, басқа да зерттеулер жасау, соның ішінде ақысыз түрде.

Атқарушы билік және басқару органдарымен бірге, қылмыспен күрес мәселелері бойынша, сонымен бірге, басқа факультеттердің кафедраларымен бірге, арнайы зерттеулер жүргізу бойынша кешенді ғылыми-құқықтық зерттеулер жасауға қатынасу.

Криминалистік зертхананың базасы негізінде курстық жұмыстар, студенттердің кәсіби біліктілік жұмыстары, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, басқа да зерттеулерді ақысыз түрде орындау.

Өз жұмысында криминалистикалық зертхана құқық қорғау органдарымен, сотпен, адвокатурамен және жеке адвокаттармен, эксперттік мекемелермен өзара әрекет етеді. Криминалистік зертхананың қызметкерлері үшін қажетті жағдайлар жасайды, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін сақтау бойынша шараларды жүзеге асырады.

Криминалистік зертханаға жалпы басшылықты кафедра меңгерушісі (криминалистикалық зертхана), әдістемелік басшылықты – профессор-

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Криминалистік зертханада, фотозертханада және қылмыс орны полигонында жұмыс жасаушылар үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	6 - бет, 9 беттен тұрады

оқытушылар құрамынан тағайындалатын криминалистикалық зертхана жетекшісі (зертхана меңгерушісі) жүзеге асырады. Зерттеулерді жүзеге асыру үшін ғылымның әртүрлі салаларынан мамандар, азаматтық-құқықтық келісім-шарттар негізінде ақысыз қызметтерді іске асыратын тәжірибелі сарапшылар тартылуы мүмкін.

#### 4 **Сабақ басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары**

- Кабинетке оқытушының рұқсатымен, тазалық және тәртіпті сақтап кіру керек.
- Жұмыс орнын дайындау керек.
- Аппаратураларды оқытушының рұқсатынсыз іске қоспау керек.

#### 5 **Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

- Жұмыс орнын оқытушының рұқсатынсыз тастап кетуге болмайды.
- Жұмыс аяқталған соң аппаратураларды электр желісінен суыру керек.
- Жұмыс орнын қалыпқа келтіру керек.
- Жұмыс барысында анықталған барлық кемшіліктерді оқытушыға хабарлау керек.

#### 6 **Оқыс оқиғалар және экстремалды жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары**

- Қуат сымдары үзілген барлық жағдайларда, жермен қосылудың және басқа да ақаулар, күйік иісі пайда болса, тез арада қуат көзін сөндіру және апаттық жағдай туралы оқытушыға хабарлау керек.
- Жұмысқа ақаулықтар жойылған соң кірісу керек.
- Өрт, түтін шыққан кезде:  
**101, 45-00-00** телефондары арқылы өрт сөндіру бөліміне хабарлау керек, жұмыс жасап жатқандарға, бөлімшенің жетекшісіне хабарлау, жану туралы күзет бекетіне хабарлау керек.
- Адам өміріне қауіпті болмаса, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өрт сөндіруді бастау керек;
- Өрт сөндіру командасын күтіп алу керек;
- Ғимаратты босату және эвакуация аймағында болу керек.

##### **Жазатайым оқиға кезінде:**


Тез арада жарақат алған адамға алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру керек, қажет болса медицина мекемесіне жеткізу керек.

Апаттық немесе басқа да төтенше жағдайдың алдын алу және қауіпті факторлардың басқа тұлғаларға әсерін болдырмас үшін шұғыл шаралар алу керек.

Басқа тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келмейтін және апатқа, апаттық жағдайларға немесе басқа да төтенше жағдайларға әкелмейтін болса, жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру басталғанға дейін оқиға орнын сол күйінде қалдыру керек, егер сол қалпында қалдыру мүмкін болмаған жағдайда - қалыптасқан жағдайды тіркеу керек (сызбалар дайындау, басқа да шаралар өткізу керек).

#### 7 **Сабақ аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары**

- Жұмыс орнын оқытушының рұқсатынсыз тастап кетуге болмайды;
- Жұмыс аяқталған соң аппаратураны электр қуатынан суыру керек.
- Жұмыс орнын жинақтап қою керек.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Криминалистік зертханада, фотозертханада және қылмыс орны полигонында жұмыс жасаушылар үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	7 - бет, 9 беттен тұрады

- Жұмыс барысында анықталған барлық кемшіліктерді оқытушыға хабарлау керек.

Профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылар ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді, өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауға жауапты.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма Төрағасы-Ректордың рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолымен құжат түрінде бекітіледі.

Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына түзетулер мен толықтырулар енгізуге шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер жауапкершілікте болады.

Нұсқаулық ҚББ қажет болған жағдайда қайта қарастырылады.

Ұйымның атауы өзгерулері кезінде немесе құрылымдық бөлімше атауы өзгерген кезде Нұсқаулық ауыстырылуы тиіс.

Ауыстыру кезінде күші жойылған Нұсқаулықтың университетте бар барлық даналары алынып тасталады және жаңасымен ауыстырылуы керек.

Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарға және ИСО 9001:2015 ХС сәйкес келістіруді СМК жүзеге асырады.

Нұсқаулықты шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер дайындайды.

Нұсқаулық Басқарма Төрағасы-ректормен бекітіледі және оның өзгертілуіне дейін әрекет етеді.

Нұсқаулықтың есептік жұмысшы даналарының бөлімшелерде сақталуына жауапкершілік ҚББ тиесілі.





